

Анипина А.К., Сапарбаева Н.Б.

**Қытай тілі диалектілерінің
пайда болу аспектілері**

Мақалада қытай тілі диалектілерінің пайда болу себептері қарастырылған. Қытай тілінде диалектілер – көне диалектілерде сөйлейтіндермен байланыс орнату арқылы және көне диалектілерде сөйлейтіндердің көрші елдермен байланыс орнатуы негізінде пайда болған.

Көне, орта және қазіргі кезеңдегі қытай тілі диалектілерінің жағдайына да шолу жасалынған.

Түйін сөздер: диалекті, путунхуа, фонетикалық норма, классикалық кезең, байхуа, вэньян.

Anipina A.K., Saparbayeva N.B.

**Aspects of the emergence of
chinese dialects**

This article discusses the way the emergence of dialects of Chinese. Chinese dialects originated by talking with native ancient dialects and through negotiations with neighboring countries. We consider the situation of dialects in the antiquity, in the middle and in the modern period.

Key words: dialect, mandarin, phonetic norm, the classical period, baihua, venyan.

Анипина А.К., Сапарбаева Н.Б.

**Аспекты возникновения
диалектов китайского языка**

В этой статье рассматриваются пути возникновения диалектов китайского языка. Диалекты китайского языка возникли в результате общения с носителями древних диалектов и через переговоры с соседними странами. Изучается положение диалектов в древности, в среднем и в современном периоде.

Ключевые слова: диалект, путунхуа, фонетическая норма, классический период, байхуа, вэньян.

ҚЫТАЙ ТІЛІ ДИАЛЕКТИЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ АСПЕКТИЛЕРІ

Қазіргі қытай тілінің лингвистикалық жағдайының көрінісі – диалектілер. ҚХР ұлттық тілді ауызекі сөйлеудің негізгі құралы ретінде санағанымен, жаңа диалектілердің позициясы өзгермей келеді. Ол дегеніміз – қарапайым халықтың 80%-ы диалектілерде сөйлейді, территорияның кейбір бөлігі диалектіаралық байланыс жасайды.

Диалектілер қытай тілінде екі негізгі лингвистикалық емес факторлар әсерінен пайда болған:

– көне диалектілерде сөйлейтіндермен байланыс орнату арқылы;

– көне диалектілерде сөйлейтіндердің көрші елдермен байланыс орнатуы;

Жалпы классификациялауда солтүстік пен оңтүстік диалектілер зонасы көзге түседі. Қытайдың солтүстік және оңтүстік бөлігінің тарихи жағдайы әртүрлі болды. Солтүстік Қытай буырқанған тарихи оқиғаларға толы болды, ал оңтүстік «тыныш аймақ» болған. Осыған байланысты Қытайдың оңтүстігі мен солтүстігінде лингвистикалық жағдай әртүрлі болды. Солтүстіктегі саяси жағдайлар диалектілердің көптеп енуіне ықпал етті, ал географиялық жағынан бөлшектенген оңтүстікте тұрақты сөйлесу, қарым-қатынас жасау болмады.

Қытай тілі (中文 немесе 汉语) қытай-тибет отбасына жатады, ол ҚХР-ның, Тайвань мен Сингапурдың негізгі тілі болып саналады. Ол тілде 1 млрд астам адам сөйлейді. 900 млн адамға бұл тіл – ана тілі болып саналады [1].

Қытай тілі – БҰҰ-ң 6 ресми және жұмыс тілдерінің бірі болып саналады. Тарихи жағынан алып қарасак, бұл тіл – хань ұлтының тілі, ол ұлт ҚХР-ң ұлттарының құрамында бар. Сонымен қатар, 10 млн жуық қытайлықтар өз тілдерін сақтап, оңтүстік-шығыс Азияның барлық жерлерінде өмір сүріп жатыр (Сингапурда 75% халық).

Қазіргі қытай тілінде 9 диалектілі топ бар. 6 топ жағалаудағы және орталық аудандарда орналасқан:

У диалектісі (吳) – Шанхай және нинбо қалаларында;

Солтүстік минь диалектілері (北) – Фучжоу қаласында;

Оңтүстік минь диалектісі (閩) – Сямынь (Амой), Шаньтоу (Сваптоу) және Тайваньда.

Хакка диалектісі (客家) – Мэйсянь қаласында, Гуандунь

провинциясының солтүстік-шығысында және Цзяньси провинциясының оңтүстігінде.

Кантон диалектісі (贛) – Гуандун провинциясының орталық және шығыс бөлігі мен Гуанчжоу провинциясында.

Сянь диалектісі (湘) – Хунань провинциясында.

Бұл 6 диалектілі топ Қытай территориясының 1/4 бөлігіне тараған, бұл диалектілерде қытай тілінде сөйлейтін халықтың 1/3-і сөйлейді. Солтүстік диалектінің басқа диалектілерден айырмашылығы – нидерланд тілінің ағылшын тілінен немесе итальян тілінің француз тілінен айырмашылығындай [2].

Сонымен қатар, солтүстік диалектілердің 3 тобы бар (батыстық дәстүр бойынша мандарин деп аталады), солтүстік – Пекин диалектісі қосылған, сонымен бірге оңтүстік және орталық, Нанкин мен Чунцин қалаларында сөйлейді. Бұл топтар – ағылшын тілінің Америка мен Австралиядағы ерекшеліктері секілді, сондықтан түсінікті. Жалпыға ортақ нормативті қытай тілі немесе жалпыұлттық тіл – путунхуа, Пекин диалектісі негізінде құрылған [3].

Путунхуа – ортақ тіл, Қытайдың мемлекеттік тілі, қытайдың қоғамдық-саяси, көркем, ғылыми әдебиетінің тілі. Путунхуа – қытай халқының жалпы ресми тілі, мектептерде, жоғары оқу орындарында, тіпті жұмысқа орналасу үшін қытайлықтар өздері путунхуадан емтихан тапсырады, қытайлықтар шетелдіктермен осы путунхуада сөйлеседі, сондықтан әр қытайлық путунхуадан сауатты болуы керек.

Диалектілер фонетикалық жағынан (бұл диалектілер арасындағы қарым-қатынасты қиындатады, бірақ диалектілер бірдей дыбыстық ұқсастықтар иеленген), лексикалық, грамматикалық жағынан ерекшеленеді, бірақ олардың грамматикалық негізі мен сөздік құрамы бірдей. Өртүрлі диалектілерде сөйлейтіндердің сөйлеу құралы – нормативті қытай тілі болып табылады, оны Қытайда – путунхуа деп атайды (普通话), Сингапурда – хуаюй (华语), Гонконг пен Тайваньда – гоюй (国语), олардың арасында кішкене фонетикалық жағынан ерекшелік болады, путунхуа мен хуаюйде жазба тілде қысқарған иероглифтер қолданылады, ал гоюйде – иероглифтердің толық жазбасы қолданылады. Қажет жағдайда иероглифті қағазға жазу арқылы немесе қолмен ауаға жазу арқылы түсінісуге болады. Әдеби тіл – солтүстік диалектіге сүйенеді. Фонетикалық норма – Пекин дыбысталуы (бірақ Тан династиясы кезінде, көптеген классикалық мәтіндер пайда болған, оның нормасы қазіргі хакка диалектілі тобына ұқсас келген) [4].

Орта кезеңдегі қытай тілінің тарихи дамуы. Көптеген жаңа диалектілер Чаньян қаласының орталығынан Қытай территориясының солтүстік-батыс жағында пайда болған (қазіргі Сиянь, Шэньси провинциясы). Тарихи қайнар көздері ретінде және де салыстырмалы-тарихи түрде жаңа диалектілерді зерттеу арқылы орта кезеңдегі қытай тілінің фонетикалық жүйесі детальды зерттелді (батыстық қытайтану ғылымында «Ancient Chinese», яғни «көнеқытайлық» деген термин Ресейде қабылдаған терминологияға сәйкес келмейді). б.э. 600 ж. Чаньян қаласы мәдени және саяси орталық болғандықтан көптеген династиялар кезінде бұл ауданда өмір сүретін халықтың дыбыстауы көп жерге тарады. Сол кездің өзінде ол оңтүстік пен шығысқа тарағанда, фонетикалық жүйенің қысқарылуы жағынан солтүстік диалектілер қатты өзгеріске ұшырады. Бұның өзі жаңа солтүстік диалектілердің неліктен орта кезеңдегі қытай диалектілерінен қалып қалғандығының бір себебі болып табылады. У және Сянь диалектілері ескі инициалдарды сақтап қалды: p, p", b", t, t", d", k, k", g", ts, ts", dz" және т.б., ал кантондық амай және хакка диалектілері ескі буынсоңынан келетін дауыссыздарды сақтап қалған, -m, -n, -ng, -p, -t, -k. Сондықтан Тан династиясының поэзиясы, мысалы мынандай авторлар: Ли Бо, Ду Фу шығармалары солтүстік диалектіден гөрі кантон диалектісіне көбірек ұқсайды [5].

Орта кезеңдегі қытай тілінде жаңа кезеңдегідей 4 тон болған: ескі түзу тон, қазіргі 1-ші тон, ескі жоғары тон – қазіргі 4-ші тонға сәйкес; кіріс тон иемденген буындар -p, -t, -k дыбыстарына бітетін буындар – қазіргі тілде арнайы заңдылықтарға сүйеніп кез келген 4 тонды иемдене береді.

Көне қытай тілі. Классикалық кездегі тіл. Батыстық қытайтану ғылымында «Archaic Chinese» деп аталады, яғни Конфуций (б.э.д. 550-480) кезінен өмір сүріп келе жатқан архаистік қытай тілі. Бірақ барлығының бір ұқсастығы – ұяң-қатаң жабыңқы дауыссыздардың – ұяң немесе қатаң жағынан қарама-қайшылығы болды: t, t", d, d", k, k", g, g" және буын соңынан келетін дауыссыздардың көптеген түрлері болды: -p, -t, -k, -m, -n, -ng-ға тағы -v қосылды, тағы -d, -g, -r қосылды. Кейбір буындармен келетін дауыссыздар болды: -kl, -gl, -pl, -bl т.б., сонымен қатар сөздерді тондық топтарға бөлудің басқа жолдары пайда болды [6].

Көне қытай тіліне қабырғалар және сүйектерден табылған және б.э.д. XIV ғ. жазбалар жатады. Кейбір белгілер бұл жазуларда заттарды және түсініктерді бейнелеп, пиктограмма немесе идеограмма болғанымен, көп белгілер

көне заманда нақты сөздерді жазуда қолданылды. Мысалы, екі сызықтан құралған белгіде 二 сөзі жазылады, бірақ 兩 емес, дегенмен екеуі де «екіні» білдіреді; иттің бейнесі келтірілген белгі 犬 сөзін жазуда қолданылады, бірақ 狗 сөзіне синоним емес.

Иероглиф құратын сызықтарды жазу стилі бірқатар өзгерістерге ұшырағанымен (жазу құралы да нәтижесінде өзгерді), көптеген иероглиф құрылымы Цзинь дәуірінен (221-206 б.э.д.) негізінде өзгерістерге ұшырамады, б.э.д. III ғасырдан бастап иероглифтер қазіргі кездегі жазуға ұқсай бастады. Қазірде 3 топқа жатқызылатын иероглифтің алты категориясы пайда болды:

1) пиктограммалар және идеограммалар (1500 иероглиф шамасында). Оларға көне қарапайым белгілер жатады (мысалы, 木 «ағаш»; 三 «үш») санымен қатар құрама белгілер, олар обстрактті мағына береді (мысалы, 汉 «ер адам», 天 «дала, өріс» және 力 «күш» деген сөздерден құралған, мағынасы ер адам далада өз күшін пайдалана алады.);

2) фоноидеограммалар (фонограммалар) қазіргі иероглифтердің көп бөлігін құрайды. Бұлар кілттерден тұратын сөз мағынасы немесе морфема туралы түсінік беретін қиын белгілер, фонетиктердің айтуынша, белгінің айтуына жақын.

3) «Кірме» иероглифтер – түрлі құрылым белгілері, басында анық бір сөзді құруға арналған, кейін басқа сөздерді жазуда қолданылған.

Көне және орта кезеңдегі қытай тілінің грамматикасы қазіргіден көп ерекшеленбейді, фонетикаға қарағанда ерекшелігі аз. Бір буынды сөздерге қарағанда көп буынды сөздер аз, тілдің өзі көбіне бір буынды сөзден тұрды. Сөздердің орын тәртібі – іс-қимыл және орынды білдіретін пысықтауыштар негізгі етістіктен кейін тұрады, алдында келмейді, ал қазіргі қытай тілінде олар негізгі етістіктің алдында тұрады. Флективті қалдықтары білінеді: (мысалы, 我 – «мені», 我 – «мен, менікі») және дыбыстық ауысулар сөз тіркесін жасау үшін (мысалы, 看 – қарау, 见 – көрісу, көрсету), бірақ классикалық кезеңде олар жемісті болмады [7].

Кітап тілі – диалектілер бір-бірінен дыбысталуы жағынан ерекшеленсе де, олар ешқашан әртүрлі тіл болып есептелмеген – себебі оларда ортақ кітап тілі – вэньян бар, ол жақын күнге дейін жалғыз жазба тіл формасы боп есептелген. Вэньян немесе классикалық қытай тілі – Қытайда XX ғасырдың басына дейін қолданылған қытайдың жазба тілі. Иероглифтік жазу сөздің айтылуын емес мағынасын көрсететіндіктен, Вэньян ескі қытай тілінің синтаксис және мор-

фологиялық нормаларын сақтап қалды, нәтижесінде XX ғасырда ауызекі қытай тілі – байхуадан қатты ерекшеленді. Вэньян өзінің ресми мәртебесін 1919 жылдың 4 мамырында студенттер қозғалысынан кейін жоғалтып алды, қатысушылар онда Вэньянді қолдамай, байхуа тіліне өтуді талап етті. Сонда да қазіргі қытай тілінде Вэньянді көптеген элементтері сақталып қалған.

Кітаби тілі. Испан тілі француз тілінен айтылуы бойынша ерекшеленсе, қытай диалектілері өз ішінде бір сөздің бір дәрежеде өзгеше айтылуымен ерекшеленеді, алайда олар ешқашан түрлі тілдер болып есептелмеді – бастысы ортақ бір кітаби тіл бар, ол Вэньян деп аталады және осы уақытқа дейін жалғыз жазба тілінің жан-жақты қолданылғанын түрі болды. Алдында айтылғандай диалектілер бірінші кезекте айтылуы бойынша ерекшеленеді, азырақ лексика, ал ең кіші көлемде грамматикасы бойынша өзгешеленеді. Вэньянді өзінің айтылу ережесі жоқ, алайда лексика мен грамматика барлық жерде ортақ, бірдей сол үшін Вэньянда мәтін авторы қайдан екенін анықтау мүмкін емес, егерде оны дауыстап оқымаса. Бұл ерте ортағасырдағы кезеңде Еуропада ұлттық тілдер пайда бола бастап, алайда ғалымдар латын тілінде жазуды жалғастырып, әр адам латынша айтылуымен оқып өзінің тіліне сай сөйлеген жағдайды еске түсіреді. Бірақ Вэньянді тек ғалымдар ғана қолданбады, ол басқару органдарында және бизнесте, көбіне газеттер мен кітаптарда, жеке жазбаларда қолданылды. XX ғасырдың бірінші жартысында жазба қатынаста «ортақ түсінікті тілі» пунхуа (оның негізінде байхуа бар – солтүстік диалектілердің ауызекі сөйлеу тілін көрсетуші жазба тілі) пайда болды, дегенмен Вэньянді маңыздылығы тек ортақ бір ұлттық жазу жүйесінде қолдануы емес, сонымен бірге жалпы әдебиеттің жиынтық өнімі, лексикасы, стиліне бағынса да, автордың болуынан аз өзгереді. Сондықтан оны иероглифсіз жақса да, ол бүкіл ел үшін ортақ тіл болып қалар еді (әртүрлі айтылуы бойынша), дегенмен иероглифтік жазба, сөзсіз оның бірлігінің сақталуына себеп болды. Вэньянді бұл аспектісі сауатсыз немесе соқыр болжаушылар мен әңгіме айтушылар, ешқашан иероглиф оқымаса да, еркін түрде классика мен мақал-мәтелдерді Вэньянда жаза және оқи алатын адам сияқты айта береді. Мектеп оқушылары мен студенттер Вэньянда шығармалар жазғанда, ритмді табу үшін сөздерін, сөз тіркестерін алдын ала бірнеше рет айтып алатын, өйткені Вэньян тілінде айтылу әдістері ритмге байланысты. Вэньянда ешкім әңгіме жүргізбейді (қысылған телеграфты стиль

ретінде түсінікті болуы, омоним сөздер айтылуға болатын иероглифпен жазылуы (ауызекі) сөйлеу тілін біркелкі етпейді) бірақ оны практикалық мақсаттарда кеңінен қолданады. Вэньяннан түбір сөздерді қазіргі өмірдің түрлі сферасы үшін терминологияны жасау үшін алады және дәл солай көптеген жаңа терминдер пайда болды, қазірде қытай тілінің сөздері болып табылады, олар сөйлеу немесе Вэньян тілінде вэньянцизмдерді белсенді қолдануға алынған.

Вэньянизмнің қажеттілігі – жалпыұлттық жазу жүйесінде қолданылып қана қоймайды, сонымен қатар жалпы әдебиеттің жемісі болып есептеледі, ол лексикасы, стилі жағынан ерекшеленсе де, автор жағынан да өзгеріске ұшырайды. Сондықтан оған иероглифпен жазбаса да, ол бүкіл елдің ортақ тілі болып қала берер еді. Бірақ иероглифтік жазба оның бірлігін сақтап қалды. Вэньяның бұл аспектісі – иероглифті оқымаған, білмеген адамдардың классикалық шығарма мен мақал-мәтелдерді оқығандар сияқты еркін түрде айта алатындығында. Оқушылар мен студенттер вэньянда шығарма жазғанда, өз фразаларын дауыстап айтатын болған, себебі вэньян тілінде жеткізу үшін арнайы ритм керек болған. Вэньян тілінде ешкім де әңгіме жүргізбейді, бірақ оны практикалық мақсатта кеңінен қолданады. Вэньяннан негізгі сөздерді әр сала бойынша термин жасауға алған.

Қазіргі дамуы

Қытай тілі басқа елдің тілдері секілді өзгеріске ұшырап тұрған, осыған орай негізгі 3 процесті атап өту керек, ҚХР-ң қазіргі кезеңіндегі жалпыұлттық тілдің унификациялануы, ауызекі тілде әдебиетке байланысты қозғалыс, жазба реформасы. 4 ғасыр уақытта солтүстік астананың – Бэйпин, Бэйцзин немесе Пекин деп аталған, оның тілі гуаньхуа деп аталды (шенеуніктік, ресми тіл), гоюй «ұлттық тіл» және «путунхуа» жалпы түсінікті тіл. Оның негізінде Пекин диалектісі жатыр. Радиостанциялар барлығы дикторлыққа Пекинде туылып білім алған әйелдер мен еркектерді ғана жұмысқа алады [8].

Әдеби қозғалыс мақсаты – байхуа тілін қолдануды қолдады, 1917 ж. Ху Ши байхуаны қолдану қозғалысын басқарғанға дейін вэньян орнына оны жалғыз маңызды мәтіндерді жазуға лайықты тіл деп есептеді. Қазір байхуамен кітаптар және кезеңдік басылымдар шығуда, ол вэньянды ысыруда.

Үшінші процесс – жазба реформасы. Қытай жазба жүйесі – б.э.д. 2 ғ. айтарлықтай өзгеріске

ұшырамады. Бар иероглифтер вэньянмен жазуға сәйкес келді, барлық сөздер бір буынды болды. Байхуаның дамуы мен сөздердің фонетикалық жағдайының өзгеруіне сәйкес көптеген ескі фонетикалық ерекшеліктер жойылды. Бұл – қытай диалектілерінде сөйлейтіндер ешқайсысы да вэньянда сөйлемегендігі дәлел бола алады. «Мағынасы одан да әрі оғаш» сөйлемі жазылған түрінде де, айтылғанда да ежелгі кезде түсінікті болған, бірақ путунхуада ол «уї уї уї уї» деп оқылады, контекспен де айтқанда түсініксіз, жазбаша түрінде вэньянда ең тамаша фраза боп табылады. Жазбаша байхуада көп сөздерде көшірме кездеседі. Мысалы, «忠» иероглифі: «中» – орта және «心» жүрек иероглифінен тұрады, графикалық жағынан дұрыс, бірақ ауызша айтқанда бұны бірден түсіну мүмкін емес. Сондықтан байхуада «адал» сөзі «忠·心» *zhōngxīn* деп оқылады (яғни жүрегімен адал), ауызша түсінікті, ал жазбашада көшірме байқалады, жүрек иероглифінің қайталануы. Осылайша байхуаның жазба тілде көптеп қолданылуы – қосымша себептерге әкелді, иероглифті үйренудегі қиындықтардан басқа жазудың фонетикалық жүйесі құрылды. 1910 жылдан қазірге дейін көптеген орындар путунхуаны дұрыс айту үшін сауаттылықпен күресуде. Осы мақсатта иероглифтерді дыбыстауда 37 ұлттық фонетикалық белгілер сараптанып алынды, олар қытай иероглифтерінің сызық негізінде жасалған.

Қазірге дейін Қытайда жеке тұлғалар мен үкімет реформа жасауға көп оқталғанымен ешқандай билік жазудың фонетикалық жүйесін иероглифтерге ауыстыруды қолға алмаған. Сонымен қатар иероглифтерді қысқарту туралы да көптеген істер жасалған, нәтижесінде иероглифтің графикалық құрылысын қысқарту жүзеге аспады [2].

Қорыта келгенде, ҚХР өз халқына қолдануға оңай болатындай өзгерістер жасады. 1960-1970 жж. шетелдерден енген сөздер көпбуынды сөздердің санын көбейтті, ықшамды вэньян көптеген саяси лозунгтерді құру көзіне айналды. Иероглифтер қысқартылды. Путунхуа сәтті енгізілді, бірақ ол жергілікті диалектілерді ығыстырып өзі ауызекі сөйлеуде жалғыз қолданысқа ие болу үшін емес. Пиньин жүйесіне көңіл бөліне бастады, ҚХР-сы 1979 ж. оны шетелдерге шығатын баспаларда қолдануға шешім қабылдады. ҚХР-ның болашақта иероглифтерді жалпы қабылданған қытай жазуы болу үшін пиньинге ауыстыруды көздеуде. Бірақ, бұл дәрежеге жету үшін әлі де көптеген зерттеулер жасау қажет.

Әдебиеттер

- 1 Астрахан Е.Б. и др. Диалекты и национальный язык в Китае. – М.: Наука, 1985.
- 2 Библиография по китайскому языкознанию, тт. 1–2. – М., 1991–1993.
- 3 Диалекты китайского языка. //http://ru.wikipedia.org/wiki/ Диалекты_китайского_языка.
- 4 Завьялова О.И. Диалекты китайского языка. – М.: Научная книга, 1996.
- 5 Зограф И.Т. Среднекитайский язык. 1979.
- 6 Попов П. С. Русско-китайский словарь. – СПб., 1879, – Пекин, 1896, – Токио, 1900.
- 7 Солнцев В.М. Очерки по современному китайскому языку. – М., 1957.
- 8 Иванов А., Поливанов Е. Грамматика современного китайского языка, – М., 1930.

References

- 1 Astrahan E.B. i dr. Dialekty i nacional'nyj jazyk v Kitae. – М.: Nauka, 1985.
- 2 Bibliografija po kitajskomu jazykoznaniju, tt. 1–2. – М., 1991–1993.
- 3 Dialekty kitajskogo jazyka. //http://ru.wikipedia.org/wiki/ Dialekty_kitajskogo_jazyka.
- 4 Zav'jalova O.I. Dialekty kitajskogo jazyka. – М.: Nauchnaja kniga, 1996.
- 5 Zograf I.T. Srednekitajskij jazyk. 1979.
- 6 Popov P. S. Russko-kitajskij slovar'. – SPb., 1879, – Pekin, 1896, – Tokio, 1900.
- 7 Solncev V.M. Oчерki po sovremennomu kitajskomu jazyku. – М., 1957.
- 8 Ivanov A., Polivanov E. Grammatika sovremennoгo kitajskogo jazyka, – М., 1930.